



**Серік НЕГИМОВ,**  
филология гылымдарының  
докторы, Қазақстанның Еңбек  
сінірген қайраткері, Астанадағы  
Еуразия Үлттық университетінің  
профессоры

## СҮЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙФЫРОВ ЖӘНЕ ДІН

Сұлтанмахмұт туындаған шығармалар 1913 жылдан бастап ұлт баспасөзінде жүйелі түрде жарияланады. Тегінде, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың құйлі-қуатты ақындық өнегесі, шеберлік үлгісі қазак жазба әдебиетінің көшбасшысы, жаңашыл Абай мен Абай мектебі мен дәстүрінің бөлек бітімді жемісі Шәкәрім Құдайбердіұлынан кейінгі айрықша құбылыс деуге лайық. Бұл санатта Мағжан да бар.

Ұлт ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу» романы (1914) мен «Кім жазықты» (1914—1915), «Таныстыру» (1918), «Адасқан өмір» (1918), «Кедей» (1919), «Айттыс» (1919) атты поэмаларында қазак қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтар, көрікті һәм көріксіз суреттер, замананың хал-ахуалы, ұлт тағдыры, жарқын келешегі, дінбұзарлар мәселесі, қазактың дүниетану болмысы, ортасы, тәрбиесі, білім, ғылым, өнер мен оқу жайы, қазак тілінің қасиеті, «Алашқа өрнек», «ұлтқа пайда» ойлауы, «жақсылыққа бастауы, жамандыққа баспауы тұтастай» «жан-жүргімен, көніл-тілегімен, сүйек сырқыраталық буырқанған сезіммен жырлады. Сондай-ақ ақынның лирикалық поэзиясында, өзі жазғанындей, «жана рух, таза қан, түзу кеуілді халқымыздың» елшілдік, мемлекетшілдік, мейірбандық ғажайып қасиеттері көрініс тапты. Асылы, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық өнернамасына ұлттық рух, сыншылдық көзқарас, трагедиялық сарын, психологиялық терендік, эпикалық серпін, лирикалық сипат, драмалық тартыс, көркемдік пафос, сыршылдық, ойшылдық мәнер тән.